

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**Элективті пәндер каталогы**

**7M01515-География**

**Кафедра «География және экология»**

№	Пәндердің атауы және олардың негізгі бөлімдер	ECTS
	<b>БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛЫ (БП)</b>	
	<b>ТАҢДАУ КОМПОНЕНТІ (ТК)</b>	
	<b>Кәсіби модуль</b>	
1	<b>Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау</b>	
	<p><i>Мақсаты:</i> ғылыми жоспарлау мен ізденістер саласындағы негізгі заңдарды, ұстанымдар мен үрдістерді меңгеру.</p> <p><i>Мазмұны:</i> Қазақстан мен шет елдердегі ғылыми зерттеулер мен жоспарлауды дамытудың негізгі бағыттарына шолу. Ғылыми географиялық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемелері. Географиялық зерттеулердегі ғылыми таным әдістері. Географиялық зерттеу объектілері, география ғылымының дамуы. Географиялық деректер көздері. Географиялық тәжірибелер. Магистрлік диссертацияның құрылымы мен негізгі элементтері,</p> <p><i>Қалыптастырылатын құзыреттер:</i> ғылыми жоспарлау және географиялық процестер мен құбылыстарды мониторингілеу әдістерін қолдану.</p>	5
2	<b>Географиялық зерттеулердің теориясы мен практикасы</b>	
	Ғылыми зерттеудің негізгі ұғымдары. Географиялық зерттеудің әдіснамалық негіздері. Табиғи және табиғи-антропогендік геожүйе – зерттеу нысаны. Физикалық-географиялық зерттеулердің жіктелеу әдістері. Ландшафтық зерттеу әдістері. Зерттеуді ұйымдастыру кестесі. Ландшафтық-геохимиялық зерттеу әдістері. Қоршаған орта сапасын географиялық бағалау және реттеу.	
3	<b>Жердің дамуы және географиялық заңдылықтар</b>	
	<p><i>Мақсаты:</i> Жердің даму заңдылықтары туралы білімді меңгеру.</p> <p><i>Мазмұны:</i> Жердің пайда болу тарихы және негізгі теориялар мен болжамдар. Географиялық қабықтың қалыптасуы мен дамуы. Географиялық қабықтың саралануы (дифференциациялануы). Ландшафт құрушы процестер. Жердің қалыптасуы мен дамуына заманауи көзқарастар. Жердің даму заңдылықтарының себеп-салдарлары. Қазақстанның литосфералық катаклизмдері және катаклизмдердің себептері, салдары, таралуы. Қолайсыз атмосфералық құбылыстар. Гидросфера және су ресурстарының маңызы. Биосфера және топырақтың экологиялық мәселелері.</p> <p><i>Қалыптастырылатын құзыреттер:</i> Жердің географиялық заңдылықтарының себептері мен салдарларын түсіндіру және табиғи және табиғи-антропогендік кешендердің функциялары мен мәнін аша білу.</p>	5
4	<b>Географиялық орта құрылымы және даму заңдылықтары</b>	
	Географиялық орта – заманауи географияның басты ұғымдарының бірі. Кеңістік пен уақыт дамуындағы ашық динамикалық жүйе. Қоғам дамуының материалдық базасы. Географиялық ортаның функционалды түрленуі. Табиғи-географиялық орта және қоғамның өзара әрекеттесуі – маңызды әдіснамалық мәселе.	
5	<b>Географиядағы ғаламдану үрдістері</b>	
	<p><i>Мақсаты:</i> жалпы ғаламшарлық процестер мен құбылыстардың кеңістіктік көрінісін зерделеу.</p> <p><i>Мазмұны:</i> Ғаламдануды әлеуметтік-философиялық талдау. Ғаламдану және қазіргі әлем. Табиғатты қорғаудың ғаламдануы. Ғаламдық проблемалар критерийлері. Экологиялық ғаламдану. Ғаламдану процестерін анықтаушы аспектілер. Ғаламдану процесінің қоғамдық-географиялық аспектілері. Экономикалық аспектілер. Ақпараттық аспектілер. Әлеуметтік аспектілер. Саяси-географиялық аспектілер. Этникалық және демографиялық аспектілер. Мәдени-идеологиялық аспектілер. Ғаламдық проблемаларды шешуде әлемдік тәжірибелерді зерделеу.</p> <p><i>Қалыптастырылатын құзыреттер:</i> географиялық ғаламданудың әртүрлі жағдаяттық проблемаларын айқындай және болжай алу қабілеттері.</p>	5
6	<b>Қазіргі әлемдік ғаламдану</b>	
	Ғаламдану ғылыми пән ретінде. Ғаламдану – жалпы ғаламшарлық процестер мен құбылыстардың кеңістіктік көрінісі. Қазіргі әлемдегі ғаламдану процесінің теориялық аспектілері. Қазіргі әлемдегі ғаламдану процесі. Ғаламдану процесінің фактілері мен себептері. Ғаламдану процесінің басым жақтары мен кемшіліктері.	
	<b>КӘСІПТЕНДІРУ ПӘНДЕРІ ЦИКЛЫ (КП)</b>	

	<b>ТАҢДАУ КОМПОНЕНТІ (ТК)</b>	
	<b>Географияның өзекті мәселелері</b>	
7	<b>Аймақтық география</b>	
	<p>Мақсаты: Географияны зерттеудегі аймақтану мен елтанудың рөлін және қазіргі ғаламдық мәселелерді анықтай білу.</p> <p>Мазмұны: География ғылымы құрылымындағы аймақтану және елтану. Географияны зерттеудегі аймақтану мен елтанудың рөлі. Ғааламдану және аймақтандыру үрдістер. Аймақтық және елтанушылық зерттеулер. Елтану және аймақтанудың негізгі бағыттары. Ғаламдық мәселелер және қазіргі елтану.</p> <p>Қалыптастырылатын құзыреттер: географияны зерттеудегі аймақтану мен елтанудың рөлін біледі және қазіргі елтанудағы ғаламдық мәселелерді анықтай алады.</p>	5
8	<b>Аймақтану</b>	
	Аймақтану - ғылым саласы. Аймақтанудың пәні мен міндеттері. Аймақтануды зерттеу әдістері. Аймақтық шаруашылық. Аймақтық экономикалық механизмнің ерекшеліктері. Аймақтар әлеуетінің жүйесі. Қазіргі аймақтық саясат. Аймақ экономикасын басқарудың заманауи тұжырымдамалары.	5
9	<b>Геоэкономика және Қазақстанның стратегиялық дамуы</b>	
	<p><i>Мақсаты:</i> мемлекеттік саясат пен басқаруға құрылымдық талдау мен шетелдік және отандық әлеуметтік-экономикалық процестерге салыстырмалы талдау жасау.</p> <p><i>Мазмұны:</i> Геоэкономикалық ғылымдағы кеңістік идеялары. Теориялық және қолданбалы геоэкономика тәсілдері. Әлемдік кіріс және геоэкономикалық жалдау. Геоэкономикалық жүйел түсінігі және негізгі белгілері. Геоэкономикалық атласты құру мәселелері және функционалды мақсаты. Қазақстанның геоэкономикалық жандануы. Қазақстан аймақтарының экономикалық даму әлеуеті</p> <p><i>Қалыптастырылатын құзыреттер:</i> мемлекеттік саясат пен басқаруды талдау, шетелдік және отандық әлеуметтік-экономикалық үрдістерді салыстыру.</p>	5
10	<b>Аймақтың стратегиялық дамуының геоэкономикалық аспектілері</b>	
	Геоэкономикалық аспектілер. Ғаламдық стратегиялық даму. Аймақтың стратегиялық дамуының теориялық бағыттары. Аймақтың стратегиялық дамуын моделдеу.	5
	<b>Геожүйенің географиялық процестері мен даму тенденциялары</b>	
11	<b>Геоэкология және табиғатты пайдалану негіздері</b>	
	<p><i>Мақсаты:</i> геоэкологияның негізгі заңдары, геоэкологиялық жағдайлардың ерекшеліктері және геоэкологиялық процестердің сипаты туралы түсінік беру.</p> <p><i>Мазмұны:</i> Табиғи-техногендік жүйелер. Заттардың техногендік көші-қоны және геожүйелердің өзін-өзі тазарту қабілеті. Урбанизацияның геоэкологиялық аспектілері. Энергетиканың геоэкологиялық аспектілері. Өнеркәсіптің геоэкологиялық аспектілері. Көліктің геоэкологиялық аспектілері. Ауыл шаруашылығының геоэкологиялық аспектілері. Қазақстанның табиғи-техногендік жүйелерінің геоэкологиялық аспектілері. Қазақстан аумағының экологиялық аудандастыру. Табиғатты тиімді пайдалану қағидаттары. Табиғатты пайдаланудың қоршаған ортаға тигізетін кері әсерін азайтудың жолдары.</p> <p><i>Қалыптастырылатын құзыреттер:</i> табиғи-техногендік жүйелердің геоэкологиялық аспектілерін бағалайды және табиғат пайдалануды оңтайландыру туралы қысыстар даярлайды.</p>	5
12	<b>Табиғи-техногендік жүйелердің геоэкологиялық процестерінің даму тенденциялары</b>	
	Қоршаған орта нысандарының экологиялық жағдайын зерттеудің заманауи әдіс-тәсілдері. Табиғи-техногендік жүйелерді геоэкологиялық бағалаудың негізгі ұстанымдарының сипаттамасы. Табиғи және техногендік ландшафт жүйелеріндегі ластаушы заттардың көші-қоны. Табиғи-техногендік жүйелердегі геоэкологиялық процестер және олардың даму тенденциясы. Атмосфераның, гидросфераның, педосфераның, биосфераның геоэкологиялық мәселелері. Ғаламдық экологиялық проблемалар және олардың даму тенденциясы.	5
13	<b>Геосаясат және геокікілжің</b>	

	<p><i>Мақсаты:</i> қазіргі саяси зерттеулердің өзекті мәселелерін түсіндіру.</p> <p><i>Мазмұны:</i> Геосаясат пен геоконфликтологияның генезисі мен эволюциясы. Геосаясат және геоконфликтология пәні және олардың құрылымы. Қазіргі саяси-географиялық зерттеулердің өзекті бағыттары. Геосаясаттың негізгі тәсілдері. Аумақтың морфологиялық ерекшеліктері және мемлекеттер модельдері. Әлем елдерінің геосаяси жағдайы. Қазақстанның геосаяси жағдайын кешенді бағалау.</p> <p><i>Қалыптастырылатын құзыреттер:</i> геосаясат пен геоконфликтологияның генезисі мен эволюциясын біледі, Қазақстанның геосаяси жағдайын бағалай алады.</p>	5
14	<b>Саяси география және геосаясат негіздері</b>	
	<p>Саяси географияның тарихы. Саяси географияның әдіснамасы, әдістері, тәсілдері мен парадигмалары. Саяси географияның қолданбалы маңызы. Мемлекеттің саяси-географиялық зерттеу әдістемесі. Ғылым жүйесіндегі геосаясаттың орны. Геосаясаттың маңызы. Қазіргі геосаяси теориялар мен мектептер.</p>	5